Тергеулік қарап-тексеру объектілері ретінде оқиға болған жер және оқиға болған орынға жатпайтын аула мен бөлмелер, сондай-ақ бөлек нарселер, құжаттар, адамдар, мәйіттер және жануарлар жүреді. Тергеулік қарап-тексерудің мағынасы өте зор, оның себебі қылмыстың жасалу жағдайын көрсететін көптеген қажетті іздердің бөлігі осы әрекетті жүргізу барысында табылады және зерттеледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қарап-тексерудің маңызы өте зор. Яғни қарап-тексеру барысында қылмыс және қылмыскердің тергеп-тексеруге қажет іздері мен басқа да заттай дәлелдемелердің елеулі бөлігі табылып-зерттеледі. Қарап-тексеру нәтижелері, әсіресе оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеп-тексерудің келесі бағытын, қылмыстың механизмін және қылмыскердің жекебасын анықтау бойынша көптеген көмегін тигізеді.

Мәйітті табылған жерінде қарап-тексеру.

Адам мәйітін табылған жерде сыртынан қарап-тексеру оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында жүргізілуі мүмкін. Жағымсыз жағдайларда (мысалы, ауа райына байланысты) мәйіт морг ішінде қаралуы мүмкін.

Адам мәйітін ол табылған жерде сыртынан қарап-тексеру тексерудің жалпы ережелерін сақтай отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда — өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Мәйітті тексеру үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін.

Мәйітті қарап-тексерудің жұмыстық кезеңін шартты түрде жалпы және егжей-тегжейлі екі сатыға бөлуге болады.

Мәйітті қарап-тексерудің жалпы сатысында зерттелетіндер:

1. Мәйіт қалпы (поза) және оның оқиға болған жерде орналасуы. Мәйітті жалпы қарап-тексеруден өткізу оның табылған жерін бекітуден басталады, мәйіт қалпын, жағдайын және жалпы түрін, яғни оның мүшелерінің өзара орналасуын анықтау. Мәйіт жағдайы мен қалпы қылмыс механизмі жайлы болжам құруға мүмкіндік береді.

Мәйіттің орналасуы жанында қозғалмастан тұрған объектілерге қатысты суреттеледі, яғни кіре беріс, терезелер, қабырға, темір жол, ағаш және т. б. Мәйітті оқиға болған жерде қозғалтуына алдымен мәйіттік таңбалар сипаты мен олардың орналасуы итермелейді.

2. Мәйіт үстіндегі киім-кешектің сыртқы түрі қылмыс механизмін анықтауда өз көмегін көрсетеді. Зорлау, кейіннен өлімге душар ету істері бойынша жәбірленуші үстіндегі киім-кешектің сыртқы түрінің елеулі дәлелдемелік маңыздылығы бар.

3. Мәйіт үстінде табылған өлтіру қаруы, құралы тікелей оның үстінде болғанда ғана қаралады.

4. Дене жарақаттарының жалпы сипаты, олардың дененің көрінетін жерлерінде шоғырлануы. Мәйіт денесі мақсатқа сай ретпен мүше-мүше бойынша қаралады. Жынысы, жасы, бойы, шаштың түсі, өлгеннің көз жанары, жарақаттар мен мәйіттік құбылыстардың шоғырлану деңгейі мен сипаты (олардың пайда болуы мәйіттің сот-медициналық сараптамасы көмегімен анықталады), тіс аппаратының жағдайы, бөлінділердің болуы айқындалады. Сәйкестіру мақсатында денедегі және киімдегі жарақаттарды салыстырған жөн.

Мәйітті қарап-тексерудің егжей-тегжейлі сатысында зерттелетіндер:

- мәйіт төсегі (ложе), яғни мәйіттің астында орналасқан беткей;
- мәйіт үстіндегі киім, одан табылған заттар;
- мәйіт денесі және оның үстіндегі жарақаттар.

Куәландыру. Куәландыру — ол куәландырылатын адамның тергеп-тексеру оқиғасымен байланыста болғандығын көрсететін ерекше белгілерді және адам денесінен қылмыс іздерін айқындау мақсатында жүргізілетін тергеулік қарап-тексерудің ерекше түрі. Тергеулік және сот-медициналық куәландыруларды бір-бірінен ажырата білу керек. Кейінгісі сот-медициналық сараптаманың бір түрі болып саналады және ол келтірілген жарақат мерзімі,

себебі, оның ауырлық деңгейі туралы мәселені шешу мақсатында сот медицина саласындағы маманмен жүргізіледі. Куәландырылатын адам үстіндегі киім заттарды қарап-тексеру ережесіне сай жүргізіледі. Егер куәландыруда адамның денесі жалаңаштандырылатын болса, онда тергеуші жынысы басқа адамды куәландыру кезінде қатыспайды. Бұл жағдайда куәландыруды сот медицинасы саласындағы маман немесе куәгерлердің қатысуымен дәрігер жүргізеді.

№ 2, 7, 10, 11, 15, 16, 27, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 59 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

#### **№ 4 тақырып: Жауап алу және беттестірудің тактикасы (1 сағат)**

##### **Дәріс жоспары:**

1. Жауап алудың және беттестірудің түсінігі, мәні және міндеттері.
2. Жауап алу және беттестіру кезінде тактикалық тәсілдердің қолданылуы.
3. Куәдан (жәбірленушіден), күдіктіден жауап алудың тактикалық ерекшеліктері.

##### **Дәріс тезистері**

Жауап алу дегеніміз істің дұрыс шешілуінде маңызы бар жағдайлар туралы айғақтарды заңмен рәсімделген тәртіп бойынша жауап берушіден алуға бағытталған процестік әрекет. Жауап алу негізгі бес сатыдан тұрады: дайындық, алдын-ала, еркін әңгіме (баяндау), сұрақ-жауап және қорытынды.

Жауап алу барысында айғақ беруші сұлба, сызбалар, суреттер, диаграммалар жасай алады және олар хаттамаға қоса тіркеледі.

Криминалистикада жауап алудың төмендегідей түрлерін ажыратады:

- 1) жауап алынатын адамның процессуалдық жағдайына қарай — куәдан, жәбірленушіден, күдіктіден, сотталушыдан, сарапшыдан жауап алу;
- 2) жауап алынатын тұлғаның адамдардың нақтылы санатына (категориясына) тиесілі болуына қарай — жасы толмағандардан, баукеспелерден (рецидивистерден), есі ауысқандардан (психикалық ауруға душар болған тұлғалар), жазаны өтеу мекемелеріндегі сотталғандардан, шетел азаматтарынан жауап алу;
- 3) жауап алуды жүргізу реті бойынша — алғашқы және қайталама, негізгі және қосымша;
- 4) жауап алынатын адамның көзқарасы (позициясы) бойынша — жанжалдық емес жағдайда және жанжалдық жағдайда жауап алу.

Күдіктіден жауап алудың тактикалық ерекшеліктері.

Мұндай ерекшеліктер тергеушіде күдіктінің жекебасы туралы мәліметтердің аз мөлшерде болуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, күдіктіден жауап алу кезінде тергеуші қолындағы дәлелдемелердің мөлшері өте аз болып келеді.

Күдіктінің еркін баяндауына «тағылған кінәні мойындайсың ба?» - деген тергеушінің сұрағы себеп болады. Өзін-өзі кінәләу немесе қылмысқа

қатысушылар кінәсін жасыру, не керісінше оларды асыра айыптау жағдайларын есептемегенде, өз кінәсін мойындаған күдіктіден жауап алу жанжалсыз жағдайларда өтеді. Мойындамау немесе кінәсін жартылай мойындаған күдіктіден жауап алудың жанжалдық сипаты болуы мүмкін.

Қылмыс жағдайларын күдіктінің баяндау реті:

- хронологиялық — қылмысқа итермелеген жағдайлардан қылмыстық нәтижеге дейін болуы мүмкін;

- логикалық — қандай да бір әрекеттердің жасалу себептерінен фактілер немесе эпизодтар бойынша олардың салдарына дейін болуы мүмкін;

- тактикалық — тергеушінің ойынша тактикалық тұрғыдан басында жауап беру фактісінен болуы мүмкін.

Күдіктіден айғақ беруден бас тарту әрекеттерін жеңіп шығуға қатысты тактикалық әрекеттер:

- күдіктінің теріс көзқараста болып отырғандығына көзін жеткізу;

- күдіктімен бірге қатысқандардың айғақ беру фактісін пайдалану;

- қылмысын әшкерелейтін бірге қатысқандардың айғағы, дәлелдемелерді ұсыну арқылы айғақ беруге ниеттендіру;

- бірге қатысушылар арасындағы қарама-қайшылықтарды пайдалану.

Беттестіру – жауап алу барысында бір оқиға бойынша екі адамның жауабы әртүрлі болған жағдайда оларды бір-бірімен кездестіріп, жүздестіріп жауап алу. Осындай жағдайларға байланысты оларды беттестіру әрекеттерін жүргізіп арасындағы қайшылықтардың себебін анықтау үшін екеуінің қатысуымен бір мезгілде және қайтадан жауап алу жүзеге асырылады. Сондықтан беттестіру бұрын жауап алынған адамдардан және әртүрлі, қарама-қайшы көзқарастағылар арасында жүргізіледі. Бұл өте күрделі тергеу әрекеті болғандықтан оған мұқият дайындалып, тергеу барысында тәсілдік әдістерді пайдалана отырып, заңда көрсетілген тергеуді жүргізу тәртібі қатаң сақталуы тиіс.

Беттестіруді жүргізуге дайындыққа енетін элементтер:

- оны жүргізу мезеті;

- беттестіруге қатысушылар қарым-қатынастарын зерттеу;

- беттестірудің затын анықтау;

- жауап алынатындарға сұрақтар құрастыру және оларды қою ретін дәлдеу;

- дәлелдемелер және басқа да материалдарды дайындау.

№ 2, 5, 7, 9, 11, 12, 15, 16, 52, 53, 54, 55, 57, 58, 73 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

## **№ 6 тақырып: Тінту және алу тактикасы**

**(1 сағат)**

**Дәріс жоспары:**

1. Тінту мен алудың түсінігі, міндеттері, мақсаттары және түрлері.

2. Тінту мен алуды жүргізу тактикасы және технологиясы.

3. Тінту мен алудың нәтижелерін бекіту.



## **Дәріс тезистері**

Тінту дегеніміз – іс үшін маңызы бар нәрселерді тауып алу мақсатында үй-жайды, қора, ауланы, көлік құралдарын және бөлек тұлғаларды еріксіз түрде тексеруге, сондай-ақ тергеуден бой тасалап жүргендер мен мәйіттерді табуға бағытталған тергеу әрекеті.

Тергеуші тінту тергеу әрекетін жүргізуге және оның жетістігіне сенімді болу керек. Тергеушіге материалдық объектілерді (қылмыс іздерін) табу заңдылықтарына сәйкес тінтуге дайындалу, оны жүргізуді қамтитын жалпы тактикалық нұсқаулар жасау болып екі кезеңге бөліп қарастырады.

Бірінші кезең бойынша тінту әрекетіне дайындық төмендегідей шаралар жиынтығымен көзге түседі: тінту міндеттері мен мақсатын анықтау; тінту объектісі туралы ақпарат жинау (тінтілушінің жеке басын, тінтілетін орынды, түпнұсқалы заттар белгілерін зерттеу); тінту жүргізу туралы қаулы шығару және прокурордың санкциясын алу; тінту уақытын анықтау; тергеулік-жедел іздестірушілік топ құрамын айқындау; тінту жүргізу жоспарын құрастыру (тінту орнын күзетуге байланысты және тінтілушінің басқа адамдармен байланысын болдырмайтын шараларды таңдау; тінтілетін үй-жайға кіру тәсілін және қаруланған қарсылық білдіру жағдайлардың алдын алу әрекеттерін қуаттау; көлік құралдары мен байланыс жүйелерін таңдау); тергеулік-жедел іздестіру тобы құрамын қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз ету.

Екінші кезең бойынша тінту тактикасы тергеу оқиғасының ерекшеліктері мен тінту жағдайын ескере отырып түпнұсқалы объектілерді шыныққан криминалистикалық тәсілдерді дұрыс қолдану мәнінде жатыр.

Тінту жүргізудің сатылары: алдын-ала, шолулық, егжей-тегжейлі, соңғы.

Тінтудің алдын-ала сатысы тінтілетін жерге келу, тінтілетін объектіге ену және қамтамасыз ететін шараларды жүргізумен көзге түседі.

Шолулық сатысында тергеуші маңайындағы жағдаймен танысып, тінту объектісі туралы деректерді толықтырады және түзетулер енгізеді. Сонымен қатар тергеуші ерекше зерттеуді, күрделі жұмысты және арнайы іздеу құралдар қолдануды талап ететін мәселелерді саралап, тінтуге қатысушылар міндеттерін дәлдейді.

**Жекебасын тінту.** Аталмыш әрекетті іске асыруды алдымен қарсылық көрсету үшін қолданылатын заттар, сонымен бірге әртүрлі сұйықтықтар, ұнтақтар, темекі алынады, яғни қылмыскерді әшкерелейтін ғана емес, сондай-ақ мақсатты беймәлім де заттар тәркіленеді. Киімде тінту жүргізгенде, қалтасынан байтайды. Сонан соң құжат, әшекей бұйымдар, есірткі заттар, ақша тығылуы мүмкін матаның қабатталған қыртыстары (жағасы, қайырмасы, шалбардың белуары) зерттеледі. Жаланаш дене тінтілгенде шаш, құлақ қуыстары, ауыз іші мен тістердің арасы қарап-тексеруден өткізіледі. Басқа да адам денесіндегі қуыстарды зерттеуге дәрігер көмегі қажет.

Егер тінтілуші кісі өлтіру бойынша күдікті деп есептелсе, онда оның киімі мен денесінен қан іздері, сондай-ақ өлген адам киімінің басқа да микро қалдықтар ізделінеді.

№ 2, 5, 7, 8, 15, 66, 67, 68 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз)

## **№ 9 тақырып: Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелері (1 сағат)**

### **Дәріс жоспары**

1. Жекелеген қылмыстар түрлерін тергеп-тексеру әдістемесінің түсінігі, пәні және құрылымы.

2. Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелерінің негізгі элементтерінің түсінігі және мазмұны

### **Дәріс тезистері**

Криминалистикалық әдістеме немесе нақтылы қылмыс түрлерін тергеу және алдын-алу әдістемесі — криминалистиканың ақырғы тарауы болып саналады.

Криминалистикалық әдістеме (нақты қылмыс түрлерін тергеп-тексеру әдістемесі) дегеніміз ғылыми ережелер жүйесін және соған негізделе отырып ұрлық, тонау, адам өлтіру, адам ұрлау және т.б. нақты қылмыс топтарын тергеп-тексеру, алдын-алу үшін жасалған әдістемелік нұсқауларды көрсететін криминалистиканың тарауы.

Басқа сөзбен айтқанда техника мен тактиканың пәні жалпы болса, ал әдістеменің пәні – ерекше, яғни әртүрлі қылмыстық қастандықтардың түрлері бойынша дәлелдемелермен жұмыс жасаумен ажыратылады.

Криминалистикалық әдістемені әзірлеу барысында қандай болмасын қылмысты ашу үшін әрбір қылмыстың және жасаған адамдардың жеке даралығын ескере отырып, шындыққа жету жолдарының өзгеше болатындығына назар аударады.

Қылмыстарды тергеп-тексерудің әдістемесі криминалистика ғылымының дербес тарауы ретінде өзіне келесілерді кіргізеді:

- 1) тергеп-тексеру әдістемесінің жалпы және бастапқы ережелері;
- 2) нақты қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі (жеке криминалистикалық әдістемелер).

Тергеп-тексеру әдістемесі криминалистиканың дербес тарауы ретінде нақты бір қылмыс түрлерін, атап айтқанда: адам өлтіру, қарақшылық, тонау, ұрлық, бұзақылық, паракорлық, алаяқтық және т.с.с. немесе олардың топтарын тергеп-тексеруді қамтиды.

Жеке әдістеменің мазмұнына келесілерді кіргізуге болады:

- нақты бір қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасы;
- сол қылмыс түріне қатысты мән-жайларды анықтау;
- бастапқы типтік тергеулік жағдайлар және оларды шешудің негізгі бағыттары.

Криминалистикалық әдістеменің жалпы қағидалары – криминалистиканың осы тарауының теориялық негіздері, оның негіз қалаушы бастамасы барлық жеке криминалистикалық әдістемелерге теориялық база бола алады. Оның элементтері:

- криминалистика ғылымының тарауы ретіндегі криминалистикалық әдістеменің түсінігі, мәні және жүйесі;

- криминалистикалық әдістеменің пайда болу және даму тарихы, оның түпнұсқалары;

- криминалистикалық әдістеменің міндеттері мен қағидалары (принциптері);

- жеке криминалистикалық әдістемелердің түсінігі, жіктемесі (классификациясы) және құрылымы.

Құрамды элементтері ретінде криминалистикалық сипаттамаға енетін мәліметтер:

- типтік түпнұсқалық ақпараттың сипаттамасы;

- қылмыстың нақты түрін жасау және жасырудың типтік (әдеттегі) тәсілдері туралы мәліметтердің жүйесі және осы тәсілдерді қолдану нәтижесінде келген әдеттегі зардаптар;

- мүмкін қылмыскердің жеке басы және қылмыстың мүмкін қозғамы мен мақсаттары;

- мүмкін жәбірленушінің жеке басы және қастандықтың әдеттегі заты туралы мәліметтер;

- қылмыстың әдеттегі жағдайлары туралы мәліметтер (орны, уақыты, жағдайы);

- осындай қылмыстарды жасауға итермелеген әдеттегі (типтік) жағдайлар туралы.

Жоғарыдағы құрылымды талдау нәтижесінде мұнда нақты қылмыс санаттары бойынша анықтауға жататын барлық типтік жағдайлар көрсетілгендігін байқауға болады. Тергеуші міндетіне тергеп-тексерудегі қылмыстың ерекшелігіне қарай нақтылай отырып қолдану жатады.

Криминалистикалық сипаттаманың практикалық мағынасы – нақты қылмыстың бөлек элементтері туралы мәліметтер тергеушіге қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын білу негізінде қылмыстың белгісіз элементтерін анықтауға мүмкіндік беру. Сонымен қатар нақты қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасы негізінде тергеуші дәлденген типтік болжам шығара алады.

№ 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7бөлімге қараңыз).

**№10 тақырып. Меншікке қарсы қылмыстарды тергеп-тексеру әдістемесі (ұрлық, тонау, қарақшылық).**

**(1 сағат)**

**Дәріс жоспары**

1. Ұрлықтың криминалистикалық сипаттамасы және анықтауға жататын мән-жайлар.

2. Типтік тергеу жағдайлары және бастапқы мен кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

**Дәріс тезистері**

Ұрлықтың криминалистикалық сипаттамасын келесідей жағдайлар құрайды:

- ұрлық қылмыстардың ең кең тараған түрі;
- ұрлық құпия түрде жасалынады, қылмыскер көп жағдайларда белгісіз болып табылады;
- осы қылмыстың сипатты белгісі болып тікелей қасақаналықтың болуы танылады, ұрлық қасақана кейде алдын ала дайындықтан кейін жасалынады;
- ұрлық жасау тәсілі әр түрлі;
- ұрлықтың заты болып кез келген мүлік танылады (ақша, заттар, өзге де материалдық құндылықтар).

Осындай санаттағы істер бойынша типтік болжамдардың үш түрі болады:

- ұрлық шынында да болған;
- ұрлық болмаған, арыз беруші арам ниетсіз жаңылысқан (құлып бұзақылармен сындырылып, мүлік үй иелеріне айтылмай, олардың туысқандарымен басқа жерге көшірілген және т. б.);
- ұрлықты жасағансу.

Ұрының (ұрылардың) жекебасы туралы ақпараттың болмауы, аз немесе елеулі түрде болуымен айқындалатын, қылмыстың айқын жасалуынан шыға отырып, ұрлық істері бойынша тергеу жүргізудің бастапқы кезеңінде келесідей тергеулік жағдайлар қалыптасады:

- 1) қылмыстың орын алғанына күмән жоқ, күдікті ұстап алынған;
- 2) Ұрлықтың жасалғаны анық, бірақ оны жасаған тұлға ұстап алынбаған, алайда ол туралы ақпараттар бар;
- 3) Ұрлықтың жасалғаны анықталған, бірақ оны жасаған тұлға туралы ешқандай ақпарат жоқ.

Әрқилы ахуалдар бұл жағдайларды өзгертуі мүмкін. Бірінші жағдайда тергеушінің міндеті – бұл ұстап алынған адамның қылмысын әшкерелейтін дәлелдемелер жинау, ұрланған мүліктің мөлшерін, оның орнын және т.б. анықтау, екіншіден – бұл ұрлық жасаған адамды іздеу және т.б. Үшіншіден – тергеу жүргізу тергеу органдары мен жедел-іздігіру органдарының ұрлық жасаған адамды іздеуге бағытталған өзара белсенді түрде әрекеттесуі және т.с.с.

Бірінші жағдайда ұрлық жасаған адамды ұстап алғаннан кейін бірден келесілер жүргізіледі:

- ұстап алынған адамға жеке басын тінту жүргізу;
- кейбір жекелеген жағдайларда куәландыру жүргізу;
- оқиға болған жерді қарап-тексеру;
- күдіктіден жауап алу
- жәбірленушіден немесе ұрланған заттың иесінен жауап алу;
- тұрғылықты мекенжай бойынша тінту жүргізу;
- көрген адамдар мен басқа да куәлардан жауап алу;
- сараптама тағайындау.

Ақпараттардың аз болуымен сипатталатын екінші және үшінші жағдайларда, келесідей бастапқы тергеу әрекеттері жүргізіледі:

- жәбірленушіден жауап алу;

- оқиға болға жерді қарап-тексеру;
- сараптама тағайындау.

Осы үш жағдайдың барлығында да құқық қорғау органдарының қызметкерлері жедел-ізвестіру шараларын жүргізеді.

Арыз берушіден немесе ұрланған мүліктің иесінен жауап алумен ұрлық жасау (оны анықтау) жағдайларын, ұрланған мүлік атауы, саны және белгілерін, күдікті тұлғаларды айқындау мақсаты көзделеді.

Оқиға болған жердің жағдайына қарай тергеуші қарап-тексерудің ең ұтымды тәсілін таңдайды. Егер бөлмеге ену бөгетті бұзу арқылы іске асырылса, онда қарап-тексеруді сындырылған жерден бастап, біртіндеп оқиға болған жердің ортасына қарай, яғни қарап-тексерудің шоғырланушылық (концентрлік) тәсілі қолданылады. Егерде оқиға болған жердің криминалистикалық ортасы бөлменің төрінде (мысалы, бұзылған сейф немесе киімлігіш шкаф) болса, онда қарап-тексеруде аралас тәсіл пайдаланылады, яғни алдымен сейф немесе шкаф, кірген есік қарап-тексеріледі, содан соң қарап-тексеру қабырғаны біртіндеп жағалай отырып геометриялық орталыққа қарай жалғасады.

Іздерді объектіге енген жерден (мысалы, сығылған есік, ұшырылған терезе, темір торларын бұзу арқылы (аралау әдісі) балконнан кіру) іздеген жөн. Есіктерде, терезелерде, балконда және олардың маңайындағы беткейлерде қол, аяқ киім іздері, киім-кешек талшықтары, сындыру құралдарынан қалған іздер, еденде, балкон ішінде темекі тұқылы, бұзу барысында өз-өзіне жарақат келтіріп алса, қан іздері, жер қыртыстары, ал кейде сілекей мен адам ағзасының (организм) басқа бөлінділері табылуы мүмкін. Қылмыскер сүйкенген объектілерден күнделікті алып жүрген іздермен бірге, иісті іздер алынуы ықтимал.

Ұрлық үстінде ұстап алу – қалтаға түскен ұрыны әшкерелеудің ең ұтымды құралы. Мұндай әрекет жәбірленуші мен куәгерлердің өздерімен де, полиция органындағы қалтаға түсу ұрлықтарымен күрес жүргізетін жедел топтармен іске асырылады. Қалтаға түсуші ұрыны қылмыс үстінде ұстап алу кезіндегі алғашқы тергеу әрекеттері:

- жеке басын тінту; ұстап алынған жерді қарап-тексеру;
- ұстап алынғанның жеке басын және мекенжайын анықтау;
- барлық жәбірленуші мен куәларды айқындау және олардан жауап алу;
- ұстап алынғаннан жауап алу;
- заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру: қылмыс құралдарын (ұстара, пышақтар, шеттері қайралған тиындар, бүркеме болған заттар және т. б.), бүлініс іздері орналасқан қол заттары мен киімдер;
- ұстап алынған тұлғаның пәтерін және ұрланған заттардың сақтау орындарын тінту.

№ 2, 3, 4, 9, 12, 15, 16, 77, 78, 85, 94, 95, 96, 103, 107, 111, 115, 116, 126, 151 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

## **№ 11 тақырып: Адам өлтіруді тергеп-тексеру әдістемесі**

## **(1 сағат)**

### **Дәріс жоспары**

1. Адам өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы.
2. Типтік тергеулік жағдайлар және бастапқы және келесі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

### **Дәріс тезистері**

Қылмыс жасау орны, уақыты сияқты адам өлтіру жағдайларын білу арқылы жалпы оқиғаның механизмі және кінәлі туралы, қатысушылар жайлы болжамдар құрастыруға болады.

Адам өлтіруді тергеу барысында мынадай жағдайларды анықтау қажет:

- адам өлтіру болды ма; зорлық пен өлу себебі неде;
- адам өлтіру қашан, қай жерде, қандай тәсілмен және қандай жағдайда жасалынған;
- адам өлтіруді кім жасады, қылмыскер қалай сипатталады;
- егер қылмыс топпен жасалса, әрбір қатысушының рөлі;
- қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайлар бар ма;
- жәбірленуші кім және қалай сипатталады;
- қылмыспен келген зиянның мөлшері мен сипаты;
- адам өлтірудің мақсаты мен ниеті (мысалы, кек алу, қызғану, пайдакүнемдік);
- адам өлтіруге итермелеген жағдайлар қандай.

Қылмыспен денеге жарақат келтіру ауыр қылмыстардың бірі болып табылады. Азаматтардың өміріне зиян келтіру арқылы оның қажетті органдарынан айыру оның өмірлік кемтар немесе қоғамнан бөліп тастайтын әрекеттер жасалынады. Криминалистикалық сипаттама мәнінің жиынтығы қылмысты ашу және тергеу болып табылады. Бұл құқық бұзушыларға тергеу барысындағы типтік жағдайларға байланысты арналған арнайы әрекеттердің бірі болып табылады. Криминалистикалық мінездеменің элементтеріне:

- қылмыстың жасалу әдістері, із жасалу механизімі;
- криминалистикалық қылмыстың мәні бар іздер;
- қылмыстық қастандылықтың ерекшеліктері;
- жәбірленушінің және қылмыскердің жеке басы;
- қылмыс жасаудың мақсаты мен себеп-салдары;
- қылмысқа дайындалу ерекшелігі, қылмыс жасау уақыты мен орнын жатқызуға болады.

Адам өлтіруді тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеулік ситуациялар осы қылмысты жасаған тұлға туралы ақпараттың, өлген адамның жеке басы және мәйіттің орналасқан жерінің, сондай-ақ қылмыс қозғамының (мотив) болуы және көлемімен сипатталады. Осыған байланысты мынадай типтік ситуацияларды бөліп шығаруға болады:

- адам өлтіру жәбірленуші және күдікті мәлім болған жағдайда жасалынған;

- адам өлтіру жәбірленуші белгілі, ал күдікті белгісіз болған беймәлімдік жағдайда жасалынған;
- адам өлтіру анықталмаған дәйек (мотив) бойынша жасалған;
- бала өлтіру белгілері табылған.

Адам өлтіру туралы істер бойынша тергеу әрекеттері аталмыш қылмыс түрінің өзіндік ерекшелігіне сай, «Криминалистикалық тактика» тарауында қарастырылған тактикалық тәсілдер мен жағдайларды сақтай отырып жүргізіледі.

Адам өлтіруді тергеу кезінде жүргізілетін алғашқы тергеу әрекеттері:

- оқиға болған жерді қарап-тексеру;
- куәлардан жауап алу;
- сот-медициналық сараптама тағайындау.

Көбіне тергеу оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексерудан басталады. Қарап-тексеру барысында төмендегідей сұрақтарды анықтауға мүмкіндік беретін белгілер табылуы мүмкін:

- пайда болған оқиға қылмыс па;
- мәйіт табылған жер адам өлтірілген жерге жатама, егер олай болмаса, қандай белгілер арқылы қылмыс жасалған жерді анықтауға болады;
- өлтірілген кім және қылмыс қашан жасалған;
- қылмыскерлер саны қанша, қылмыс орнына қалай келіп, қай жолмен кеткен;
- қандай тәсілмен, қандай құрал пайдалану арқылы қылмыс жасалды, оны жасыруға қандай шаралар қолданылған;
- оқиға болған жерде қылмыскер нені қалдырған, нені алып кеткен және қандай іздер оның денесінде, киімінде, қылмыс құралында, көлік құралдарында қалуы мүмкін;
- қандай мәліметтер қылмыскердің жеке басын, оның қозғамын сипаттайды;
- қылмыс орнында болып жатқанды қай жерден көруге немесе естуге болар еді.

Адам өлтіру қылмысы – өте ауыр қылмыстар санатына жатады. Оның ішінде кәсіпшіл қылмыскерлермен жасалынатын тапсырыс бойынша («заказ» арқылы) адам өлтіруді ерекше атап өтуге болады және кейінгі жылдары адам өлтірудің жасау тәсілдерінің бірі – атыс қарумен жасалынатын қылмыстар практикада жиі кездесіп жүр. Сондықтан, мұндай қылмыс оқиғасы орын алған кезде оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында жалпылама түрде объектілерге талдау берген жөн: а) оқиға болған жерде не бар, олар қалай орналасқан, (үй, мекеме, жол, орман және т. б.); ә) қылмыстың ізі (сынған заттар, жығылған шөп, үй ішінің астан-кестең бұзылуы және басқа да қарсыласқанды білдіретін іздер т. б.); б) іздер: аяқтың ізі, қолдың ізі, тістің ізі, транспорт құралдарының ізі және т. б.; в) қанның ізі, темекі тұғылындағы сілекейдің ізі, тер және басқа да адамнан бөлінетін заттар; г) шаш, киімнің талшықтары; ғ) жәбірленушінің немесе айыпкердің бойында қалған дақтар; д) атыс қаруынан қалған заттар (гильза, пыж, бытыра, картеч және т. б.).

№ 2, 3, 4, 6, 15, 105, 112, 130, 139, 141, 143, 144, 148, 156, 159, 169, 175 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (3.7 бөлімге қараңыз)

## **№ 12 тақырып Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымын тергеп-тексеру әдістемесі**

**(1 сағат)**

### **Дәріс жоспары**

1. Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымының криминалистикалық сипаттамасы және анықтауға жататын мән-жайлар.

2. Типтік тергеулік жағдайлар және бастапқы мен келесі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

### **Дәріс тезистері**

Осы санаттағы қылмыстар адамның денсаулығы мен өміріне қарсы қылмыстарға жатқызылады.

Есірткімен байланысты қылмыстар көбінесе топтық, ұйымдасқан сипатта болып келеді және қатаң құпия жағдайларда жасалады. Көптеген делдалдар топтың барлық қатысушыларын, ұйымдастырушыларды біле бермейді.

Тұтынушы қолына келіп түсу қайнар көзіне қарай, есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар мынадай топтар бойынша ажыратуға болады:

- медицинада пайдаланылатын есірткілі дәрілік препараттар (омнопон, морфий, промедол, кодеин және т.б.);

- көбіне өсімдік шикізатынан қолдан жасалынатын заттар (емдеу мақсатында қолданылмайтын немесе қандай да бір дәрі-дәрмектерді әзірлеуде жартылай фабрикат ретінде жүретін), сондай-ақ кейбір есірткілі дәрілік препараттар, мысалы, эфедриннен жасалынған. Олардың қатарына гашиш, көкнәр сабаны, апиын, апиынның шикізаты, көкнәр сабанының тұнбасы, гашиш майы және т.б. жатады;

- контрабандалық жолмен енетін шетелде тұтынылатын кейбір препараттар (мысалы, эфедрон).

Мұндай қылмыстар санаты әртүрлі тәсілдермен жасалуы мүмкін. Қолдан жасау тәсіліне: жасыл массаны ұнтақтау; сора (конопля) тозаңын елеу немесе булау; сора тозаңын немесе дайын нашаны күнбағыс майына қуыру; медициналық препараттардың әртүрлі компоненттерін араластыру; наша немесе көкнәрді сүтпен қайнату; сора жапырағын немесе көкнәр бастарын шай сияқты бұқтыру; дәке тампонына немесе басқа да материалдарға көкнәрді сіндіру; көкнәр сабанынан тұнба әзірлеу және т.б. жатады. Жасырын лабораторияларда синтетикалық өнімдерді дайындау тәсілдері де жеткілікті.

Тергеп-тексерудің бастапқы кезеңінде құқық бұзушылықтың барлық жағдайлары жете зерттеліп, құжаттардың дұрыс толтыруына назар аударылады. Мұндай құжаттарға төмендегілерді жатқызуға болады: ішкі істер органы қызметкерінің баянаты, полиция кезекші бөліміне немесе емдеу-профилактикалық мекемесіне жеткізуге негіз болған азаматтардың арыздары немесе мәлімдемелер, куәгерлер, жеткізілген тұлға түсініктемелері,



ұсталғанның жекебасын және заттарын тінту хаттамасы, тұлғаны медициналық куәландыруға жіберу туралы құжат, медициналық куәландыру қорытындысы, тұлғамен есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуына қатысты тіркеуде тұрғандығы жайлы емдеу-профилактикалық мекеменің мәлімдесі, алынған заттарды зерттеу нәтижесі, күдіктінің жеке басы туралы мәлімдеме (есірткіге қалай үйренген, қалай тұтынады, жұмыс бабы, жұмыс немесе оқу орнынан кету себептері, отбасылық жағдайы, туыстарымен қарым-қатынасы және т.б.).

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар өздерінің сипатына қарай әртүрлі болса да, тергеудің алғашқы кезеңінде қалыптасатын кәдімгі тергеулік ситуациялар шеңберін әрбір қылмыс түріне жеке-жеке анықтау керек. Мұндай ситуациялардың ортақтастырылған тізімінің қанша айтқанмен шартты сипаты болады. Дегенмен, қылмыстың нақтылы түріне байланыссыз аталмыш санаттағы істерді тергеудің алғашқы кезеңі үшін жақын бірқатар ситуацияларды ажыратуға болады.

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен айналысып жүрген тұлғаларды ұстап алу құқық қорғау органдары қызметкерлерімен заңға сәйкес жүргізіледі. Ұстап алу барысында күдікті тұлғаның жеке басы және заттай дәлелдеме бола алатын заттар мен құжаттар тексерістен өтеді. Егер алынған объектілер қылмыс құрамына көрсетіп тұрса, онда аталған факт дереу тіркелуге тиіс. Осыдан кейін күдіктіні процессуалдық түрде ұстап алу жөнінде сұрақ шешіледі және қажетті тергеу әрекеттері мен іздестіру шаралары жүргізіледі.

Естен шығармайтын бір жайт, есірткі заттарды дайындаушылар немесе өткізушілерде қару болып, олар елеулі түрде қарсылық көрсетуі мүмкін. Сондықтан да, ұстап алуды арнайы жедел-тергеу топқа тапсырған жөн. Олар өз алдына қолда бар жедел ақпараттарды пайдалана отырып күдіктілерді қылмыс үстінде ұстап алуға тырысу керек.

Есірткі заттары бар тұлғаларды анықтап-ұстап алуда арнайы үйретілген іттердің көмегі өз нәтижесін береді.

Қызықтыратын заттар әдетте өлшемі бойынша кішірек болып, оларды тығып қою жеңіл болғандықтан, тінту әрекетін ерекше мұқияттылықпен жүргізу қажет. Бөлмеге тінту жүргізгенде жаңадан сылаған, әктеген, бояған іздерге, жаңа жапсырылған тұсқағазға, қабырғаның басқа жерлерінен ерекшеленетін нәрселерге, сондай-ақ қабырғадағы қатаң дыбысты жерлерге назар аударған жөн.

Еденді қарап-тексеру барысында тергеуші жаңадан қағылған шегеге, қосылған тақтай немесе оның бөлшектеріне, кертпелердегі шаң мен кіршендіктердің жоқтығына және т.б. көріністерге көңіл бөлуге тиіс.

Үй маңындағы учаскеде аяқ астында солған гүл және басқа өсімдіктер, жаңадан жыртылған жер, сондай-ақ тығынды жерлер бар ұралар мен құдықтар қызықтыру керек.

Күдіктінің жеке басы тінтілгенде үстіндегі киімін шешу ұсынылады, әрбір шешілген киім мұқият зерттеліп, шетке қарай қойыла береді. Денені

қарап-тексеру бас жағынан басталады, бұл жерде тінтіліп жатқанның шашы немесе жасанды шашы жиі тарақпен таралады. Оның себебі, тәжірибеге жүгінсек, шаш немесе жасанды шаш (парик) арасында есірткі тасымалдау фактілері баршылық.

Есірткі заттар, әдетте су қағаздарға бумаланып, әртүрлі дене мүшелерінің арасына тығылуы мүмкін: қолтықтың астына, шаптың астына, бақайлар арасына, лейкопластыр немесе бинт астында, өкшеге тану әрекетімен көзге түседі. Бинт немесе басқаша таңып байлау арқылы іздеудегі зат тығулы деген күдік пайда болғанда, тінтуге дәрігерді шақырған жөн.

Автокөліктерде есірткі заттарды отырғыштардың астына, олардың арасындағы саңылауларға, әртүрлі әшекей нәрселерде, приборлы панельдің артына, радиоқабылдағыш аралықтарында, зат салатын сөрелерде, төсеніш астына, есік және төбе қаптауларында, әртүрлі тетіктер мен механизмдердің саңылаулы жерлеріне жасыруға болады.

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуына қатысты дене мүшелеріне дәрі жіберу іздері тәріздес (нашақорлар асептика ережелерін сирек қолданады, әдетте олар шприцтарын қайнатпай қолданады) дәлелдемелерді куәландыру әрекетін іске асыру нәтижесінде алуға болады.

№ 2, 3, 4, 7, 11, 100, 108, 117, 132, 145, 158, 162, 172, 174 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

## **Семинарлық сабақтар**

### **№ 1 тақырып: Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері 1-сабақ (1 сағат)**

#### **Сұрақтар:**

1. Криминалистикалық тактиканың түсінігі және оның қылмыстарды ашу мен тергеп-тексерудегі рөлі.

2. Тактикалық тәсілдер, нұсқаулар, комбинациялар және олардың жіктемесі.

3. Жедел-тактикалық комбинацияның түсінігі.

№ 5, 6, 8, 9, 11, 12, 16, 13, 29 тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімді қараңыз).

### **№ 3 тақырып: Қарап-тексеру және куәландыру тактикасы 1-сабақ (1 сағат)**

#### **Сұрақтар:**

1. Қарап-тексерудің түсінігі, түрлері және әдістері.

2. Оқиға орнын қарап-тексерудің мәні мен міндеттері.

3. Оқиға орнын қарап-тексеру кезеңдері.

№ 2, 7, 10, 11, 15, 16, 27, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 59 тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімді қараңыз).

### **№ 5 тақырып: Тану үшін көрсету тактикасы 1-сабақ (1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Тану үшін көрсетуге дайындық.
  2. Мәйітті тану үшін көрсетудің тактикасы.
- № 2, 6, 8, 15, 19, 60, 61, 62, 63, 64, 65 тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімді қараңыз).

**№ 7 тақырып: Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау тактикасы.****(1 сағат)****Сұрақтар:**

1. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың түсінігі, мақсаттары мен міндеттері.
  2. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың тактикалық тәсілдері және бекіту әдістері.
- № 2, 5, 7, 15, 69, 70, 71 тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімді қараңыз).

**№ 9 сағат: Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелері****(1 сағат)****Сұрақтар:**

1. Жекелеген қылмыс түрлерін тергеп-тексеру әдістемесінің түсінігі.
  2. Криминалистикалық әдістеменің жүйесі, міндеттері және қайнар көздері.
  3. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының, оның құрылымы және жеке әдістеме құрудағы маңызы.
- № 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімді қараңыз).

**№ 11 тақырып: Адам өлтіруді тергеп-тексеру әдістемесі****1-сабақ (1 сағат)****Сұрақтар:**

1. Адам өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы.
  2. Адам өлтіру істері бойынша типтік тергеулік ситуациялар және бастапқы тергеу әрекеттерінің тактикасы.
- № 2, 3, 4, 6, 15, 105, 112, 130, 139, 141, 143, 144, 148, 156, 159, 169, 175 тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімді қараңыз).

**№ 13 тақырып: Зорлауды тергеп-тексеру әдістемесі****1-сабақ (1 сағат)****Сұрақтар:**

1. Осы санаттағы істер бойынша типтік тергеулік ситуациялар мен болжамдар.
2. Зорлау істері бойынша тергеп-тексеруді жоспарлау ерекшеліктері.

№ 2, 3, 4, 5, 7, 11, 84, 88, 90, 101, 118, 142, 146, 148, 161, 165, 166 тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімді қараңыз).

#### **№ 14 тақырып: ЖКО тергеп-тексеру әдістемесі**

##### **1-сабақ (1 сағат)**

##### **Сұрақ:**

1. ЖКО жөніндегі істер бойынша типтік тергеулік ситуациялар мен болжамдар.

2. ЖКО жөніндегі істер бойынша бастапқы және келесі тергеу әрекеттері.

№ 2, 3, 4, 9, 11, 15, 106, 120, 122, 124, 125, 127, 155 тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімді қараңыз).

#### **Практикалық сабақтар**

#### **№ 2 тақырып: Криминалистикалық болжамдар мен тергеп-тексеруді жоспарлау**

##### **(1 сағат)**

##### **Сұрақтар:**

1. Криминалистикалық болжамдардың шығу тегі және түсінігі.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесіндегі болжамдар құру және тексеру.

##### **Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін, оқу тобы екі кішкене топқа бөлініп, осыдан кейін білім алушылар оқытушы ұсынған ситуация негізінде, алынған ақпараттарға баға береді, болжамдар құрады, тергеушінің іс-әрекетін бағалайды және қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру жоспарын құрады. Жаңадан келіп түскен ақпараттарға байланысты болжамдар қайта түзетіледі.

Тергеп-тексеру жоспарында ұсынылған болжамдарды, сонымен қоса тергеп-тексеру барысында орындалуға тиісті тергеулік және басқа да әрекеттерді көрсету қажет.

Практикалық тапсырманы орындау аяқталғаннан соң орындалған жұмыс оқытушыға тексеру үшін тапсырылады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** білім алушылар сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында болжамдар құру және тергеп-тексеруді жоспарлаудың практикалық дағдыларын үйренулері тиіс.

№ 7, 11, 12, 16, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

#### **№ 3 тақырып: Қарап-тексеру және куәландыру тактикасы**

##### **2-сабақ (1 сағат)**

##### **Сұрақтар:**

1. Бөлмедегі оқиға орнын қарап-тексеру тактикасы.

2. Оқиға орнын қарап-тексеруді бекіту тактикасы.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін, білім алушылар оқу полигонына немесе іздер мен объектілер бар оқытушы көрсеткен басқа да жерге шығады. Оқиға орнын қарап-тексеру жүргізіп, сол уақытта іске қатысы бар объектілерді анықтап, бекіту және алу жүргізу қажет. Сондай-ақ қарап-тексеру кезінде қылмыскерлердің қылмыс орнына келу және кету жолдары, ену бағыты мен басқа да материалдық іздер зерттеледі.

Тергеу әрекетін жүргізу үшін техника-криминалистикалық құралдар (келесіде – ГТҚ-ғылыми-техникалық құралдар).

Қарап-тексеру нәтижесі бойынша білі алушылар оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасын сипаттау бөлігін жазбаша толтырып, сұлбасын құрып, алынған объектілермен бірге оқытушыға тексеру үшін тапсырылады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** білім алушылар бөлмені қарап-тексеруді жүргізу, бекіту, сондай-ақ іздер мен объектілерді анықтау және алу бойынша практикалық дағдыларды меңгеруі қажет.

№ 2, 7, 10, 11, 15, 16, 27, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 59 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 4 тақырып: Жауап алу және беттестірудің тактикасы  
(1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Жауап алудың түсінігі, мәні, міндеттері мен түрлері.
2. Куәдан және жәбірленушіден жауап алу тактикасы.
3. Күдіктіден жауап алу тактикасы.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін білім алушылар оқытушы ұсынған қылмыс фабуласына сәйкес, рөлдік нысанда тактикалық тәсілдерді қолдана отырып, күдіктіден жауап алуды жүргізеді және хаттаманың сипаттау бөлігінің фрагментін толтырады.

Орындалған жұмыс оқытушыға тексеру үшін тапсырылады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** білім алушылар күдіктіден жауап алу тактикасының практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 5, 7, 9, 11, 12, 15, 16, 52, 53, 54, 55, 57, 58, 73 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 5 тақырып: Тану үшін көрсету тактикасы  
2-сабақ: (1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Тану үшін көрсетудің түсінігі, түрлері мен міндеттері.
2. Заттарды, нәрселерді тану үшін көрсету тактикасы.
3. Тірі адамдарды тану үшін көрсетудің тактикасы.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырып болғаннан кейін білім алушыларға тапсырманың фабуласы, тану үшін көрсетуге жататын объектілер, сондай-ақ ғылыми техникалық құралдар беріледі. Оқытушының жетекшілігімен дайындық әрекеттерін өткізгеннен соң, білім алушылар рөлдік нысанда нәрселерді (заттарды) тану үшін көрсету тергеу әрекетін жүргізеді.

Білім алушылар нәрселерді (заттарды) тану үшін көрсету хаттамасының сипаттау бөлігін толтырады және тексеру үшін оқытушыға тапсырады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** білім алушылар нәрселерді (заттарды) тану үшін көрсету тергеу әрекетін жүргізу тактикасының практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 6, 8, 15, 19, 60, 61, 62, 63, 64, 65 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

### **№ 6 тақырып: Тінту және алу тактикасы (1 сағат)**

#### **Сұрақтар:**

1. Тінту мен алудың түсінігі, міндеттері, түрлері мен мақсаттары.
2. Үй-жайда (бөлмеде) тінту жүргізу тактикасы.

#### **Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырып болғаннан кейін білім алушылар оқу полигонына немесе оқытушы нұсқаған жерге барады. Сол жерде білім алушылар оқытушы ұсынған қылмыс фабуласына сәйкес, берілген ғылыми-техникалық құралдарды қолдану арқылы үй-жайды (бөлмені) тінту - тергеу әрекетін жүргізеді.

Білім алушылар осы тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері бойынша хаттаманың сипаттау бөлігінің фрагментін толтырады және тексеру үшін оқытушыға тапсырады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** Білім алушылар үй-жайды (бөлмені) тінту - тергеу әрекетін жүргізу тактикасының практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 5, 7, 8, 15, 66, 67, 68 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

### **№ 8 тақырып: Тергеу экспериментінің тактикасы (1 сағат)**

#### **Сұрақтар:**

1. Тергеу экспериментінің түсінігі, мақсаттары мен түрлері. .
2. Тергеу экспериментінің дайындық, жұмыс және қорытынды кезеңдері.
3. Көру – қабылдау мүмкіндігі анықталған кезде тергеу экспериментін жүргізу тактикасы.

#### **Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырып болғаннан кейін білім алушылар қылмыс фабуласына, сондай-ақ анықтау қажет болатын мән-жайларға сәйкес, белгілі бір іс-әрекетті көру және есту мүмкіндігі бойынша білім алушылар рөлдік

нысанда тергеу эксперименті - тергеу әрекетін жүргізеді. Жүргізілген тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері сол бойынша хаттаманың сипаттау бөлігінің фрагментін толтыру арқылы бекітіледі.

Білім алушылар тергеу әрекеті хаттамасының сипаттау бөлігін толтырып, тексеру үшін оқытушыға тапсырады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** Білім алушылар көру-қабылдау мүмкіндігін анықтауға байланысты тергеу экспериментін жүргізу тактикасының практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 5, 7, 15, 69, 70, 71 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (3.7 бөлімге қараңыз).

**№ 10 тақырып: Меншікке қарсы қылмыстарды тергеп-тексеру әдістемесі (ұрлық, тонау және қарақшылық)**

**(1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Ұрлықтың криминалистикалық сипаттамасы және анықтауға жататын мән-жайлар.

2. Ұрлық істері бойынша тергеп-тексеруді жоспарлау.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін білім алушылар оқытушы ұсынған ситуацияға сәйкес, алынған ақпаратқа талдау жүргізеді және тергеп-тексерудің жоспарын құрады.

Жұмыс жазбаша түрде орындалады және тексеру үшін оқытушыға тапсырылады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** білім алушылар осы санаттағы істер жөніндегі тергеп-тексеру әдістемесінің практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 4, 8, 15, 77, 78, 85, 94, 95, 96, 103, 107, 111, 115, 116, 126, 138, 151 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 11 тақырып: Адам өлтіруді тергеп-тексеру әдістемесі**

**2-сабақ: (1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Адам өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы.

2. Адам өлтіру істері бойынша типтік тергеулік ситуациялар және бастапқы тергеу әрекеттерінің тактикасы.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін білім алушылар оқытушы ұсынған қылмыс фабуласына сәйкес, тергеулік жағдайды бағалап, жалпы және жеке болжамдарды құрады, адам өлтіруді ашу және тергеп-тексеру бойынша ұйымдастырушылық, жедел-іздігі және тергеу әрекеттерінің аясын анықтайды және тергеп-тексерудің жоспарын құрастырады. Тергеп-тексеру жоспарында, жасалған болжамдарды, бастапқы және кейінгі кезеңдерде орындалуы тиіс тергеу және басқа да әрекеттерді көрсетулері қажет.

Жұмыс жазбаша түрде орындалады және тексеру үшін оқытушыға тапсырылады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** қылмыс фабуласына сәйкес, тергеп-тексеру жоспарын құрып, онда жалпы және жеке болжамдарды, сондай-ақ тергеп-тексеру барысында орындалуы қажет тергеулік және басқа да әрекеттерді көрсетулері қажет. Білім алушылар адам өлтіру істері бойынша тергеп-тексеру әдістемесінің практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 3, 4, 6, 15, 105, 112, 130, 139, 141, 143, 144, 148, 156, 159, 169, 175 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 12 тақырып: Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымын тергеп-тексеру әдістемесі**

**(1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымы жөніндегі істер бойынша типтік тергеулік ситуациялар мен болжамдар.

2. Анықтауға жататын мән-жайлар.

3. Тергеп-тексеруді жоспарлау ерекшеліктері мен бастапқы және келесі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін білім алушылар оқытушы ұсынған қылмыс фабуласына сәйкес тергеулік жағдайға баға беріп, жалпы және жеке болжамдар құрастырады. Құрылған болжамдарға сәйкес және қосымша ақпараттарға байланысты сәйкес тергеу әрекеттері мен жедел-іздігі шараларының жоспарын құру қажет.

Практикалық тапсырма жазбаша түрде орындалады және тексеру үшін оқытушыға тапсырылады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** білім алушылар осы санаттағы істер бойынша тергеп-тексеру әдістемесінің практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 3, 4, 7, 11, 100, 108, 117, 132, 145, 158, 162, 172, 174 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 13 тақырып: Зорлауды тергеп-тексеру әдістемесі**

**2-сабақ: (1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Зорлау жөніндегі істер бойынша типтік тергеулік ситуациялар мен болжамдар.

2. Зорлау жөніндегі істерді тергеп-тексеруді жоспарлау ерекшеліктері.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін білім алушылар оқытушы ұсынған қылмыс фабуласына сәйкес, алынған ақпаратқа баға беріп, содан кейін жазбаша түрде тергеп-тексеру жоспарын құрады.



**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** Білім алушылар зорлау істері бойынша тергеп-тексеру әдістемесінің практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 3, 4, 5, 7, 11, 84, 88, 90, 101, 118, 142, 146, 148, 161, 165, 166 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 14 тақырып: Жол-көлік оқиғаларын тергеп-тексеру әдістемесі**  
**2-сабақ: (1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Жол-көлік оқиғалары қылмыстары бойынша типтік тергеулік ситуациялар және болжамдар.

2. Жол-көлік оқиғасы бойынша оқиға орнын қарап-тексеру ерекшеліктері.

3. Тергеп-тексерудің бастапқы, келесі тергеу және басқа да әрекеттері, арнайы білімдерді қолдану мүмкіндіктері.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін білім алушылар оқытушы ұсынған қылмыс фабуласына сәйкес, тергеулік ситуацияға баға беріп, тергеп-тексеру бойынша болжамдар мен жоспар құрады.

Жұмыс жазбаша түрде орындалады және тексеру үшін оқытушыға тапсырылады.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** Білім алушылар жол-көлік оқиғаларын тергеп-тексеру әдістемесінің практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

2, 3, 4, 9, 11, 15, 106, 120, 122, 124, 125, 127, 155 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**Білім алушылардың оқытушымен бірге өзіндік жұмысы**

**№ 4 тақырып: Жауап алу және беттестіру тактикасы**  
**(1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Беттестірудің түсінігі мен міндеттері.

2. Беттестіру жүргізудің тактикасы.

3. Күдіктілерден жауап алу тактикасы (жанжалдық ситуация жағдайында жауап алу).

**Тапсырма:**

Сабақтың сұрақтарын қарастырғаннан кейін, білім алушылар оқытушы ұсынған қылмыс фабуласына сәйкес, рөлдік нысанда беттестіру жүргізіп, оны аяқтағаннан соң талқылау жүргізеді.

**БООЖ өткізу нысаны:** практикалық сабақ нысанында.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** білім алушылар жауап алу және беттестірудің практикалық дағдыларын меңгеруі тиіс.

№ 2, 5, 7, 9, 11, 12, 15, 16, 52, 53, 54, 55, 57, 58, 73 қайнар көздердің реттік нөмірін көрсету арқылы курс бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 11 тақырып: Адам өлтіруді тергеп-тексеру әдістемесі  
(1 сағат)**

**Сұрақтар:**

1. Адам өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы.
2. Адам өлтіру істері бойынша анықтауға жататын мән-жайлар.

**Тапсырма:**

Сұрақтарды қарастырғаннан кейін білім алушылар оқытушы ұсынған қылмыс фабуласына сәйкес, адам өлтіру жөніндегі істерді тергеп-тексеру барысында қандай мән-жайларды анықтау қажеттілігін жазбаша түрде көрсетулері қажет.

**БАӨЖ жүргізу нысаны:** практикалық сабақ нысанында

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** білім алушылар адам өлтіру істері бойынша тергеп-тексеру әдістемесінің теориялық және практикалық дағдыларын меңгеруі қажет.

№ 2, 3, 4, 6, 15, 105, 112, 130, 139, 141, 143, 144, 148, 156, 159, 169, 175 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**Білім алушылардың өзіндік жұмысы**

**№ 1 тақырып: Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері  
(3 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі керек: криминалистикалық тактиканың түсінігі, оның қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудегі рөлі, сондай-ақ криминалистикалық тактикада қолданылатын негізгі түсініктер.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу және конспектілеу.

№ 5, 6, 8, 9, 11, 12, 13, 16, 29 қайнар көздердің реттік нөмірін көрсету арқылы курс бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 2 тақырып: Криминалистикалық болжамдар мен тергеп-тексеруді жоспарлау  
(3 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі керек: криминалистикалық болжамдардың түсінігі, криминалистикалық болжамдардың жіктемесі; Криминалистикалық болжамдарды құру және тексеру. Тергеп-тексеруді жоспарлау.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу және конспектілеу.

№ 7, 11, 12, 16, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 ұсынылатын әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 3 тақырып: Қарап-тексеру және куәландыру тактикасы**

**(12 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі керек: оқиға орнын қарап-тексеру кезеңдері, оқиға орнын қарап-тексеру тактикасы; көлік құралын қарап-тексеру тактикасы, нәрселер мен құжаттарды қарап-етксеру тактикасы.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу және конспектілеу.

№ 2, 7, 10, 11, 15, 16, 27, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 59 ұсынылатын әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 4 тақырып: Жауап алу және беттестіру тактикасы**

**(5 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі керек: жауап алудың түсінігі, мәні, міндеттері және түрлері. Куәдан, күдіктіден жауап алу тактикасы.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу және қажет болатындарды дәптерге конспектілеу.

№ 2, 5, 7, 9, 11, 12, 15, 16, 52, 53, 54, 55, 57, 58, 73 ұсынылатын әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 5 тақырып: Тану үшін көрсету тактикасы**

**(5 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі керек: тану үшін көрсетудің түсінігі, түрлері және сол арқылы шешілетін міндеттер; нәрселерді (заттарды), адамды тану үшін көрсету тактикасының ерекшеліктері.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу және конспектілеу.

№ 2, 6, 8, 15, 19, 60, 61, 62, 63, 64, 65 ұсынылатын әдебиеттер тізімі (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 6 тақырып: Тінту және алу тактикасы**

**(9 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі қажет: тінту мен алудың түсінігі, міндеттері, түрлері мен мақсаттары. Бөлмеге тінту жүргізудің тактикасы; жекебасын тінту тактикасы, көлік құралын тінту тактикасы.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу қажет.

№ 2, 5, 7, 8, 15, 66, 67, 68 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 7 тақырып: Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау тактикасы**

**(4 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі қажет: айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың түсінігі, осы тергеу әрекетінің мәні және мақсаттары. айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауды жүргізу тактикасы.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу қажет.

№ 2, 5, 7, 15, 69, 70, 71 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 8 тақырып: Тергеу экспериментінің тактикасы**

**(3 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі керек: тергеу экспериментінің түсінігі, мақсаттары мен түрлері. Тергеу экспериментін жүргізу тактикасы.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу және қажет болатындарды дәптерге конспектілеу.

№ 2, 7, 8, 9, 17, 74, 75, 76 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 9 тақырып: Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелері**

**(3 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі керек: типтік тергеулік ситуациялар және солар туралы мағлұматтарды қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолдану; қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы, оның құрылымы мен жеке әдістемені құрудағы маңызы.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу және қажет болатындарды дәптерге конспектілеу қажет.

№ 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 10 тақырып: Меншікке қарсы қылмыстарды тергеп-тексеру әдістемесі (ұрлық, тонау, қарақшылық)**

**(13 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесіні зерделеуі және конспектілеуі қажет: ұрлықтың криминалистикалық сипаттамасы және анықтауға жататын мән-жайлар. Ұрлық істері бойынша тергеп-тексеруді жоспарлау.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді оқу және қажет болатындарды дәптерге конспектілеу қажет.

2, 3, 4, 9, 12, 15, 16, 77, 78, 85, 94, 95, 96, 103, 107, 111, 115, 116, 126, 151 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 11 тақырып: Адам өлтіруді тергеп-тексеру әдістемесі (13 сағат)****Тапсырма:**

Білім алушылар келесілерді оқуы және конспектілеуі керек: Адам өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы. Адам өлтіру істері бойынша типтік тергеулік ситуациялар және бастапқы және келесі тергеу әрекеттерінің тактикасы. Мәйітті оқиға орында қарап-тексеру ерекшеліктері.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді зерделеу және қажет болатындарды дәптерге конспектілеу қажет.

№ 2, 3, 4, 6, 15, 105, 112, 130, 139, 141, 143, 144, 148, 156, 159, 169, 175 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 12 тақырып: Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымын тергеп-тексеру әдістемесі (13 сағат)****Тапсырма:**

Білім алушылар келесіні зерделеуі және конспектілеуі қажет: осы санаттағы істер бойынша типтік тергеулік ситуациялар мен болжамдар. Анықтауға жататын мән-жайлар. Тергеп-тексеруді жоспарлау ерекшеліктері мен бастапқы және келесі тергеу әрекеттерінің тактикасы.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен әдебиеттерді зерделеу және қажет болатындарды дәптерге конспектілеу қажет.

№ 2, 3, 4, 7, 11, 100, 108, 117, 132, 145, 158, 162, 172, 174 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 13 тақырып: Зорлауды тергеп-тексеру әдістемесі (10 сағат)****Тапсырма:**

Білім алушылар келесіні зерделеуі және конспектілеуі қажет: зорлауды тергеп-тексерудің бастапқы кезеңінің ерекшеліктері. Осы санаттағы істер бойынша типтік тергеулік ситуациялар мен болжамдар. Тергеп-тексеруді жоспарлау ерекшеліктері мен бастапқы, келесі және басқа да тергеу әрекеттерінің тактикасы.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен қажетті әдебиетті зерделеу қажет.

№ 2, 3, 4, 5, 7, 11, 84, 88, 90, 101, 118, 142, 146, 148, 161, 165, 166 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**№ 14 тақырып: Жол-көлік оқиғаларын тергеп-тексеру әдістемесі (10 сағат)**

**Тапсырма:**

Білім алушылар келесіні зерделеуі және конспектілеуі қажет: жол-көлік оқиғалары (ЖКО) жөніндегі істер бойынша типтік тергеулік ситуациялар мен болжамдар. Жол-көлік оқиғасы бойынша оқиға орнын қарап-тексеру ерекшеліктері. Жол-көлік оқиғасы жөніндегі істерді тергеп-тексеруді жоспарлау.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** өз бетімен қажетті әдебиетті зерделеу қажет.

№ 2, 3, 4, 14, 15, 16, 106, 120, 125, 155 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: (2.7 бөлімге қараңыз).

**2.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Жұмыстық оқу бағдарламасында (SYLLABUS) көзделген негізгі сабақ түрлері болып дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар және білім алушының оқытушымен бірге өзіндік жұмысы саналады.

Дәріс курсына тораптық, теориялық сұрақтар қарастырылады.

Білім алушылардың лайықты дағдыларын шыңдау мақсатында және оқу материалдарын жақсы игеру үшін осы бағдарламаның ұсынысы бойынша практикалық сабақтарды өткізу барысында оқу тобын екіге бөлу бойынша ұсыныс жасалады. Практикалық сабақтарды өткізу барысында криминалистикалық-техникалық құралдарды, оқу-әдістемелік кабинетінің құрал-жабдықтарын, криминалистикалық оқу объектілерін, криминалистикалық полигонын, қажетті дидактикалық материалдарды және оқытудың техникалық құралдары пайдаланылады.

ТМД және басқа да елдердің, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыстардың алдын алу және ашу үшін қолданатын заманауи криминалистикалық-техникалық құралдарын сабақ өткізу процесінде қолдану көзделген.

Бағдарлап оқыту, бақылау сұрақтары (тестілер), ситуациялық жағдайлар тапсырмалары және хаттамаларды толтыру оқу сабақтарының сапасын арттыру және алған білімдерін тексеру болып саналады.

Бағдарлама курсының талаптарына сай оқытушының білім алушылармен өзіндік жұмыстарын орындау барысында оқу әдебиеттерімен қоса оқу деңгейінің сұранысындағы тәжірибелік тапсырмаларын әрбір білім алушы бастаған дәптерлерінде орындайды және бұл дәптерлерді әрбір сабақ барысында оқытушы тексеріп отырады. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар тізімі сабақ жоспарында көрсетілген.

Бұдан басқа, «Криминалистика» пәнінің тақырыптарын толықтай теориялық оқып үйрену мақсатында осы пәнді оқытындарға арналған конспектілер және нормативтік құжаттарды жазу жоспарланған. Жазылуы

қажет конспектілер мен нормативтік құжаттар тізімі жұмыстық оқу бағдарламасында (SYLLABUS) көрсетілген.

Оқу материалдарын меңгергендігін барлық сабақтарда және оқытушымен бірге жүргізілетін өзіндік дайындықтарда оқытушы оқушылардың дайындық деңгейін тексеру сұрақтары негізінде жұмыстық оқу бағдарламасында (SYLLABUS) көзделген жедел сұрау жүргізу, практикалық сабақтарда бірыңғай сұрау жүргізу, практикалық сабақтарда жауап беру сапасына байланысты таңдамалы бағалау жүргізу жолымен бағалайды.

Қандай да бір себептермен сабаққа келмеген білім алушылар өткізіп алған сабақты жеке өздері әдебиеттерден оқып, жеке өздері практикалық сабақ жоспарындағы есептерді шығаруы және одан кейін оқытушыға келіп сынақ-«өтем» тапсырулары қажет. Сонымен қатар, сынақты сабақ кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар тапсырады. Осының негізінде өтемге келген білім алушы оқытушыға келесілерді көрсетуі қажет:

- дәріс тақырыбы ( не болмаса оқулықтың қажетті тарауы);
- осы сабаққа байланысты сабақ жоспарларында көрсетілген нормативтік құжаттар мен оқулық әдебиеттің конспектісі;
- білім алушының дәптерінде жасалынған практикалық сабақ тапсырмасы.

Дәптерді тексеріп болғаннан кейін оқытушы білім алушыдан сұрау жүргізеді және оқу журналы мен PLATONUS бағдарламасы арқылы электронды журналға тиісті бағаны қояды.

Алынған мәліметтерді барынша толық және жанжақты оқып үйрену және болашақта өзінің қабілетін арттыру мақсатында кафедрада бірнеше мәселелік топ құрамында ғылыми үйірмелерде білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары (КҒЗЖ) өткізіліп тұрады.

## **2.11. Қурстық және практикалық жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсынымдар**

Криминалистика Қазақстан Республикасы ІІМ ЖОО сабақ жоспарында білім алушылардың кәсіби дайындық деңгейін айқындайтын арнайы пәндердің бірі болып табылады. Пәнді оқып-үйрену қылмыстарды тергеп-тексеруде, ашу мен ескертуде практикалық қызмет аясында алынған білімдер жүйесін қолдануда үлкен рөл атқарады.

Пәннің бағдарламасы теориялық білімді жетілдіріп қана қоймай сонымен қатар жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу мен тергеп-тексеру әдістемесін үйрену барысында алынған білімдерді практикада қолданылу аясында қамтылған. Бұған сабақ жүргізу кезінде практикалық тапсырмаларды орындау ықпал етеді.

Практикалық сабақтарға дайындалу кезінде білім алушылар ұсынылатын әдебиетті, процестік әрекеттерді толтыру үлгілерін зерделеуі керек, осы арқылы тиісті тақырыпты түсінуі қажет.

Практикалық сабақтарды жүргізу барысында білім алушылар сабақтың тақырыбына сәйкес әртүрлі тергеу әрекеттерін жүргізеді, тергеу әрекеттерінің хаттамаларын (фрагменттерін) толтырады, тергеп-тексеру жоспарын құрады

және тағы басқаларды жүргізеді. Практикалық сабақтарды жүргізу кезінде тапсырмаға сәйкес, техника-криминалистикалық құралдар қолданыла алады. Практикалық тапсырманы орындау кезінде қылмыстық-процестік заңнаманы, қажетті ведомстволық бұйрықтар мен криминалистикалық ұсынымдарды қатаң басшылыққа алу қажет. Білім алушылар барлық құжаттарды қолжазба түрінде орындайды, яғни компьютерлік техниканы қолдануға қатаң тыйым салынады. Білім алушы практикалық тапсырманы пәнге арналған дәптерде немесе жеке парақта орындайды.

## **2.12. Өзін өзі бақылауға арналған тест тапсырмалары**

Жабық үлгідегі 30 тест тапсырмасы

1. Криминалистикалық тактика – бұл:
  - А) материалдық іздерді табу, тіркеу, алу туралы ғылыми ережелердің жүйесі...
  - Б) қылмысты ашу мақсатындағы тергеуші мен жедел іздестіру органдарының өзара әрекеттесу туралы ғылыми нұсқаулардың жүйесі...
  - В) тергеушінің тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізу барысындағы тәлімінің тиімді бағытын анықтау бойынша ғылыми ережелердің жүйесі...
  - Г) қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру мен алдын алудың нәтижелі әдістерінің кешені туралы ғылыми ережелердің жүйесі ...
  - Д) тергеулік жұмысты жүргізу әдістерін түсіндіретін теория
  
2. Криминалистикалық тактиканың құқықтық негіздерін атаңыз
  - А) жалпылама тергеп-тексеру тәжірибесі.
  - Б) криминология.
  - В) қылмыстық процесс.
  - Г) азаматтық құқық.
  - Д) еңбек құқығы
  
3. Криминалистикалық тактика жүйесі өз ішіне қосады:
  - А) қылмыстық құқық және қылмыстық процесс нормаларында көрсетілген тергеу әрекеттерін жүргізудің әдісі және ұсынымы,
  - Б) тергеп-тексеру жүргізудің жалпы жағдайы, тактикалық әдістері мен тергеп-тексеруді жоспарлау
  - В) қылмысты ашу тәжірибесі, криминалистикалық тактиканың жалпы жағдайлары
  - Г) криминалистикалық тактиканың жалпы жағдайы; қылмысты ашуды жоспарлау; тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасы
  - Д) криминалистикалық тактика жүйесі, криминалистикалық әдістеме, криминалистикалық болжамды оқу, тактикалық әдіс және ұсынымдар
  
4. Сот іс жүргізудегі тактикалық тәсілдердің мүмкін болу критерийлері - бұл:



А) заңдылық, ғылымилық, қауіпсіздік, үнемділік, жағдайлық, қолжетімділік, мақсатқа лайықтылық,;

Б) заңдылық, моральдық-этикалық нормаларға қарсы келмеушілік, ғылымилық, қауіпсіздік, қолайлылық, қолжетімділік, мақсатқа лайықтылық,

В) қылмыстық іс жүргізу заңдылығы, кезеңдік, техника-криминалистикалық қамтылу, ғылымилық, қауіпсіздік, қолайлылық, қолжетімділік, мақсатқа лайықтылық;

Г) заңдылық, моральды-этикалық нормаларға қарсы келмеушілік, ғылымилық, қауіпсіздік, өзара әрекеттесушілік, мақсатқа бейімділік;

Д) қылмыстық процестік заңдылық, моральдық-этикалық нормаларға қарсы келмеушілік, ғылымилық, қауіпсіздік, кезеңдік, техника-криминалистикалық қамтылу, қолайлылық, қолжетімділік, мақсатқа лайықтылық;

5. Тактикалық тәсіл - бұл:

А) тергеп-тексеруді тиімді ұйымдастыру.

Б) қылмыстық процестік заң нормалары.

В) тергеуші тәлімінің тиімді және нәтижелі бағыты мен іздерді табудың тиімді тәсілі, мысалы, саусақ іздерін.

Г) тергеп-тексеруді ұйымдастыру және шешім шығару.

Д) тергеп-тексеру бағытын таңдау, тергеп-тексеру процесі барысында қылмыс белгілерін анықтау.

6. Тергеп-тексеру міндеттерін шешу үшін тактикалық тәсілдер мен тергеу әрекеттерінің үйлесімділігі - бұл:

А) тергеулік жағдай (ситуация).

Б) тактикалық шешім

В) тактикалық комбинация

Г) тактикалық ұсыным

Д) әдістемелік операция

7. Қылмыстың жасалу жағдайлары мен оны тергеп-тексеру шарттарының жиынтығы - бұл:

А) тергеулік жағдай (ситуация)

Б) тактикалық операция.

В) криминалистикалық сипаттама.

Г) тактикалық шешім.

Д) әдістемелік комбинация.

8. Криминалистикалық болжам – бұл:

А) тергеп-тексерудегі оқиғаға және оның жеке мән-жайларына қатысты құзырлы тұлғаның дәлелді болжамы;

Б) тергеп-тексерудегі оқиғаға және оның жеке мән-жайларына қатысты құзырлы тұлғаның болжамы;

В) жеткілікті айғақтарға дәлелденген нақты тұлғаның кінәлілігі жөніндегі құзырлы тұлғаның шешімі;

Г) анық айғақтарға дәлелденген тергеп-тексерудегі оқиғаға және оның жеке мән-жайларына қатысты лауазымды тұлғаның дәлелді шешімі

Д) мүмкіндік айғақтарға дәлелденген тергеп-тексерудегі оқиғаға және оның жеке мән-жайларына қатысты құзырлы құқық қорғау органының шешімі.

9. Криминалистикалық болжамдардың уақыт бойынша құрастыру жіктемесі:

А) Бастапқы және кейінгі;

Б) Жалпы және жеке;

В) Типтік және нақты;

Г) Қарапайым және күрделі;

Д) Жедел-іздістірулік, тергеп-тексерулік, сараптамалық және соттық.

10. Криминалистикалық болжамдардың жылжу субъектісі бойынша жіктемесі:

А) Бастапқы және кейінгі;

Б) Жалпы және жеке;

В) Типтік және нақты;

Г) Қарапайым және күрделі;

Д) Жедел-іздістірулік, тергеп-тексерулік, сараптамалық және соттық.

11. Алдын ала тергеудің сатыларына байланысты жоспарлаудың келесі түрлерін айырады:

А) кейінгі және қорытынды сатыларды жоспарлау;

Б) бастапқы, кейінгі және қорытынды сатыларды жоспарлау;

В) алдын ала және соттық тергеп-тексеруді жоспарлау;

Г) соттық тергеп-тексеруді жоспарлау;

Д) бастапқы және қорытынды сатыларды жоспарлау.

12. Істі тергеп-тексеру жоспарының міндетті элементін көрсетіңіз:

А) мақсаттың орындалу реттілігін анықтау

Б) дайындау шараларының жинағы

В) орындау мерзімі мен нақты орындаушыларды көрсету

Г) мақсатты белгілеу

Д) айыптау қорытындысын құрастыру

13. Іс үшін маңызы бар материалдық объектілердің белгілері мен қасиеттерін тергеушінің өзіндік қабылдауы жолымен табу және зерттеу тергеу әрекеті қалай аталады:

А) тінту

Б) эксперимент

В) қарап-тексеру

- Г) алу
- Д) ұстап алу

14. Оқиға болған жерді қарап-тексерудің жұмыс кезеңі келесі сатыларға бөлінеді:

- А) қарап-тексерудің жалпы және егжей-тегжейлі сатысы;
- Б) оқиға болған жерге барғанға дейінгі және оқиға болған жерге келгеннен кейінгі саты;
- В) теріс мән-жайларды айқындау кезеңі мен шолулық фотоға түсіру сатысы;
- Г) қарап-тексеру шекарасын анықтау және оқиға болған жерді жете қарап-тексеру сатысы;
- Д) қатысушыларға нұсқау беру және қорытынды саты.

15. Адам денесіндегі ерекше белгілерді және жарақаттарды анықтау үшін жүргізіледі?

- А) куәландыру
- Б) жеке басын тінту
- В) тергеулік қарап-тексеру
- Г) тергеу эксперименті
- Д) айғақты сол жерде тексеру және нақтылау

16. Күдіктіден жауап алу барысында келесідей сипаттар болуы мүмкін:

- А) жалған және шынайы;
- Б) жанжалсыз және жанжалды;
- В) даусыз және тактикалық;
- Г) қылмыс болған жерде жауап алу және жанжалды;
- Д) үшінші тұлғаның қатысуымен және олардың қатысуынсыз.

17. Жауап алу барысында қолданылатын тактикалық тәсілдер:

- А) заңға негізделген;
- Б) алдауға негізделген;
- В) бопсалыққа (шантаж) негізделген;
- Г) опасыздық ниетке негізделген;
- Д) надандық пен жоқ нәрсеге сенуге негізделген.

18. Танитын тұлға объектіні бұрын қабылдаған ойдағы бейнемен салыстыра келе оның теңдігі немесе өзгешілігі туралы шешім қабылдайтын тергеу әрекеті – бұл:

- А) айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау
- Б) тану үшін көрсету
- В) жеке басын тінту
- Г) заттай дәлелдемелерді алу
- Д) тергеу эксперименті

19. Тану үшін көрсетудің мақсатын атаңыз:

А) бұрын байқаған объектілермен теңдестіру немесе айырмашылығын анықтау

Б) танушының айғақтарын нақтылау

В) күдіктінің айғақтарын тексеру

Г) танылушының жекебасы туралы мағлұматтар алу

Д) нәрселерді теңдестіру (тірі адамдарды, мәйіттерді, автокөліктерді)

20. Қатысушылар санына байланысты тінту келесілерге бөлінеді:

А) параллельдік және қарсы

Б) жалғыз және топтық

В) бірлескен және жеке-дара

Г) жедел іздестіру қызметкерінің қатысуымен және оның қатысуынсыз

Д) маманның қатысуымен және оның қатысуынсыз.

21. Тергеу экспериментіндегі іс-әрекеттердің негізгі мазмұны болып табылады:

А) тұлғаның жекебасын зерделеу.

Б) дәлелдемелерді тексеру.

В) тәжірибелік іс-әрекеттер.

Г) көрсету, демонстрация.

Д) айғақтардың жалғандығын әшкерелеу.

22. Тергеу эксперименті не үшін қолданылуы мүмкін:

А) теріс мән-жайларды тексеру үшін.

В) бейнелік материалдар алу үшін.

Б) болжамдарды негіздеу үшін.

Г) жоғалған объектілердің баламасын әзірлеу үшін.

Д) объектілерді идентификациялау үшін.

23. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау нәтижесінің шынайлығын көрсететін мән-жайлар:

А) тергеуші қимылдың бағытын анықтайды;

Б) айғағы тексерілетін тұлға басқа қатысушылардың алдында жүреді;

В) ұйымдастырушылық сұрақтарды тергеуші шешеді;

Г) жүргізу барысында тергеуші нақтылаушы сұрақтар қояды;

Д) тергеу әрекеті ҒТҚ көмегімен бекітіледі

24. Тінту жүргізудің негіздері:

А) іс үшін маңызы бар заттар мен құжаттардың белгілі бір бөлмеде (басқа да жерде) немесе нақты бір бір тұлғада болуы мүмкін екендігі туралы жеткілікті мағлұматтардың болуы

Б) заттар мен құжаттардың белгілі бір жерде жатқандығы немесе бір тұлғада бар екендігі туралы тергеуші немесе жедел іздестіру қызметкерінің жорамалы

- В) тергеушінің негізделген қаулысы
- Г) нақты тұлғаның іс үшін маңызы бар заттар мен құжаттарды өз еркімен беруі
- Д) іздеуге жататын объектілердің орны туралы нақты мәліметтің болмауы

25. Айналымына тыйым салынбаған заттар мен құжаттар тінту жүргізу кезінде алынуға жата ма:

- А) алынуға жатпайды
- Б) алынуға жатады
- В) егер іске қатысты болса, онда алынуға жатады
- Г) алу жүргізу ақылға қонымсыз
- Д) тек иесінің рұқсатымен.

26. Қатысушылар санына байланысты тінту келесілерге бөлінеді:

- А) параллельдік және қарсы
- Б) жалғыз және топтық
- В) бірлескен және жеке-дара
- Г) жедел іздестіру қызметкерінің қатысуымен және оның қатысуынсыз
- Д) маманның қатысуымен және оның қатысуынсыз.

27. Жауап алу – бұл:

- А) процестік әрекет;
- Б) процестік емес әрекет;
- В) қылмыстық процеске қатысушылардың арасындағы әңгіме.

28. Беттестірудің қайсы түсінігі дұрыс?

А) беттестіру – бұрын қарама қарсы айғақ берген мән-жайлар туралы тұлғалардан бір-бірін кездестірмей бір уақытта жауап алу;

Б) беттестіру – қорғаушы қатысуымен күдіктіден жауап алу барысында дәлелдемелерді ұсыну;

В) беттестіру - бұрын қарама қарсы емес айғақ берген мән-жайлар туралы тұлғалардан бір-бірін кездестіріп бір уақытта жауап алу;

Г) беттестіру - бұрын қарама қарсы айғақ берген мән-жайлар туралы тұлғалардан қайталап жауап алу;

Д) беттестіру - бұрын қарама қарсы айғақ берген мән-жайлар туралы тұлғалардан бір-бірін кездестіріп бір уақытта жауап алу.

29. Тану үшін қандай объектілер көрсетілуі мүмкін?

- А) жеке нөмірлік белгілері бар заттар
- Б) бұрын қолданыста болған заттар
- В) киілетін заттар
- Г) тірі адам
- Д) мәйіт.

30. Тану үшін көрсетуде заң бойынша неше зат көрсетуге ұсынылуы мүмкін?

- А) екеуден кем емес
- Б) үшеуден кем емес
- В) бесеуден кем емес, бірақ оннан артық емес
- Г) төртеуге дейін
- Д) саны шектелмеген және тергеулік жағдайға байланысты.

### **Білім алушылардың білімін бағалау критерийі:**

Білім алушының білімін бағалау барлық семестр ішінде пайыздық мазмұнда өлшенетін ағымдық, рейтингтік және қорытынды түрдегі бақылау арқылы жүргізіледі.

Ағымдағы бақылау - өткен тақырыптар мен сұрақтар бойынша білім алушының білімін тексеру, семинар сабақтары және БОӨЖ түрінде ауызша және тесттік сұрау, БӨЖ және БОӨЖ орындаған тапсырмаларын бағалау түрінде жүргізіледі.

Рейтингтік бақылау - коллоквиум түрінде өткен тақырыптар мен бағдарлама тараулары бойынша білім алушылардың білімін тексеру.

Рейтингтік бақылауға ағымдағы бақылаудың барлық нысаны бойынша барлық тапсырмаларды орындаған және оң баға алған білім алушылар жіберіледі.

Семестрлік рейтинг ағымдағы және рейтингтік бақылаулар бойынша анықталады және ең көбі 60% құрайды.

Семестр ішінде екі аттестация өткізіледі.

Пән бойынша қорытынды бақылау (емтихан) ауызша нысанда жүргізіледі (билеттер бойынша). Білім алушы емтихан бойынша ең көбі 100% ғана ала алады.

Пән бойынша қорытынды баға семестрлік рейтинг баллдарының және білім алушының емтиханда алған баллдарының сомасы бойынша қойылады.

А, А- (100 - 90) бағасы зерттеу тақырыбын терең және толық көлемде түпкілікті зерделеу, берілген жауапта материалды сауатты және логикалық қисынды түрде көрсету, қосымша сұрақтарға дұрыс және сенімді жауаптар беру, қосымша әдебиетті білу жүргізілгеннен соң қойылады.

В+, В, В- (89 - 75) бағасы бағдарламалық материалды нақты және толықтай жеткілікті білгенде, қойылған сұрақтарға жауап беру кезінде шамалы ғана қателіктер жіберілгенде, материалды анық көрсете білгенде қойылады.

С+, С, С-, D+, D (74 - 50) бағасы өткен материалды толық білгенде, жауаптарды қателіктер жіберу арқылы бергенде және қосымша сұрақтар қойылған кезде сенімді түрде жауап бергенде, жетекші сұрақтар қою қажет болған кезде қойылады.

F (49 - 0) бағасы жауап берілмегенде, жауап толық болмағанда, жауапта өрескел қателіктер бар болғанда, қарастырылатын сұрақтың мәнін түсінбегенде, жетекші және қосымша сұрақтарға сенімді және дәл жауаптар берілмеген кезде қойылады.

Білім алушылардың білімі, іскерлігі және дағдылары келесідей жүйеде бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D-	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

### 2.13 Пән бойынша емтихан сұрақтары

1. Криминалистикалық тактиканың жүйесі және міндеттері.
2. Криминалистикалық тактиканың негізгі түсініктері.
3. Криминалистикалық болжамдардың түсінігі мен жіктелуі (классификациясы).
4. Тергеп-тексеруді жоспарлаудың түсінігі мен түрлері.
5. Тергеп-тексеруді жоспарлаудың мақсаттары мен принциптері.
6. Тергеп-тексерудің бастапқы және келесі кезеңдеріндегі жоспарлаудың ерекшеліктері.
7. Топ құрамында тергеп-тексеруді жоспарлаудың ерекшеліктері.
8. Жеке тергеу әрекетін жоспарлау.
9. Тергеу ситуацияларының түсінігі, мазмұны және түрлері.
10. Тактикалық комбинация (операция).
11. Тактикалық шешім.
12. Тактикалық тәсілдердің қолданылу критерийлері.
13. Тергеу әрекетін жүргізу сатылары.
14. Тактикалық тәсілдің түсінігі.
15. Тергеулік қарап-тексерудің түсінігі мен міндеттері.
16. Тергеулік қарап-тексерудің мақсаттары мен жіктелуі (классификациясы).
17. Оқиға орнын қарап-тексеру кезінде ғылыми-техникалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері.
18. Оқиға орнын қарап-тексерудің әдістері мен принциптері.
19. Куәландырудың түсінігі мен түрлері.
20. Оқиға орнын қарап-тексеруге дайындық.
21. Оқиға орнын қарап-тексеру кезеңдері.
22. Бөлмедегі оқиға орнын қарап-тексеру тактикасы.
23. Нәрселерді қарап-тексеру тактикасы.
24. Құжаттарды қарап-тексеру тактикасы.
25. Көлік құралдарын қарап-тексеру тактикасы.
26. Жер учаскелерін қарап-тексеру тактикасы.
27. Адам мәйітін табылған жерінде қарап-тексеру тактикасы.

28. Жануарларды қарап-тексеру тактикасы.
29. Тірі адамдарды қарап-тексеру тактикасы.
30. Куәландыру тактикасы.
31. Оқиға орнын қарап-тексерудің барысы мен нәтижелерін бекіту.
32. Оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасына қосымша сұлба құрастырудың ерекшеліктері.
33. Оқиға орнын қарап-тексеру кезіндегі келеңсіз (негативтік) мән-жайлар, олардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезіндегі маңызы.
34. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде объектілерді табу, бекіту және алудың жалпы ережелері.
35. Оқиға орнында қолданылатын фототүсіру тәсілдері.
36. Оқиға орнын қарап-тексеру кезінде қол іздерін табу, бекіту және алудың жалпы ережелері.
37. Жауап алудың түсінігі, түрлері және міндеттері.
38. Куәдан, жәбірленушіден жауап алу тактикасы.
39. Күдіктіден жауап алу тактикасы.
40. Айғағының жалғандығы әшкереленген тұлғадан жауап алудың тактикасы.
41. Жасы кәмелетке толмағаннан жауап алу ерекшеліктері.
42. Беттестірудің түсінігі және оны жүргізудің міндеттері.
43. Беттестіру жүргізудің тактикасы.
44. Ұмытылған фактілерді еске түсіруге ықпал етуші тәсілдер.
45. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауға дайындық.
46. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың түсінігі мен мақсаттары.
47. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың тактикалық тәсілдері.
48. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау нәтижелерін бекіту.
49. Адамды тану үшін көрсетудің мәні және міндеттері.
50. Тану үшін көрсетудің түрлері.
51. Тану үшін көрсетуге дайындық.
52. Тірі адамды тану үшін көрсетудің тактикасы.
53. Мәйіттерді тану үшін көрсетудің тактикасы.
54. Нәрселерді тану үшін көрсетудің тактикасы.
55. Жануарларды тану үшін көрсетудің тактикасы.
56. Адамды фотобейнесі арқылы тану үшін көрсету.
57. Фотосуреті арқылы тану үшін көрсетудің тактикасы.
58. Тану үшін көрсетудің барысы мен нәтижелерін бекіту.
59. Тінтудің түсінігі мен міндеттері.
60. Тінтудің түрлері.
61. Бөлмені тінтуге дайындық.
62. Жекебасын тінтуге дайындық.
63. Бөлмені тінтудің тактикасы.
64. Жекебасын тінтудің тактикасы.
65. Көлік құралын тінтудің тактикасы.
66. Алудың түсінігі мен міндеттері.
67. Алу жүргізудің тактикасы.
68. Тергеу экспериментінің түсінігі және мәні.



69. Тергеу экспериментінің түрлері.
70. Тергеу экспериментін жүргізуге дайындық.
71. Тергеу эксперименті тактикасының жалпы ережелері.
72. Белгілі бір әрекетті жасау мүмкіндігін анықтау бойынша тергеу экспериментін жүргізудің тактикасы.
73. Белгілі бір әрекетті бақылау мүмкіндігін анықтау бойынша тергеу экспериментін жүргізудің тактикасы.
74. Тергеу экспериментін жүргізудің барысы мен нәтижелерін бекіту.
75. Тергеу экспериментін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері.
76. Тергеу экспериментінің нәтижелерін бағалау.

**2.14 Құрастырғандар:** Криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.м., полиция полковнигі Б.С. Телемисов, криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., полиция майоры Н.Е. Боранқұлов